

**Могильницкий, В.**

**Елеусіз жүрген есіл ер [Электрондық ресурс] : научное издание / В. Могильницкий. - Электрон. текстовые дан.(42Кб) // Орталық Қазақстан. - 2013. - 19 наурыз (№43). - (Мерейтой).**

Қамзабай Арыстанұлы Бөкетов көпшілікке аты танымал, өзінің адамгершілігімен белгілі азаматтардың бірі. Оның негізгі білімі инженер-электрик болса да, кейінгі жылдары көптеген кітаптар жазып жүр. Ол көбіне өзі жайлы емес, бір кездері арманда кеткен ағасы Евней Арыстанұлы жайлы көптеген көлемді шығармаларды өмірге келтірді. Бұл жолда ол 20 жылдан астам тер төкті. Ол көбіне өзінің ағасы Евнейдің ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевпен достығы жайлы толғана жазады. Бір кездескенімде: "Өз ағаңыз жайлы қашан кітап жазасыз?" деген едім. Ол кісі көп ойланбастан: "Уақыт келгенде жазамын" деген болатын. Міне, содан бастап, ол өзінің балалық шағын есіне алып, ағасымен бірге далада жалаң аяқ ойнаған күндерін есіне түсірген болуы керек. Сөйтіп, ол ағасы жайлы кітап жазып, оған «Менің досым, менің ағам» деген атау берді. Бұл кітапты қалың оқырман жылы қарсы алды. Қарағандының белгілі жазушыларының бірі Жайық Бектұров жоғары баға беріп, оған алғыс сөз жазды. Жәкең бір әңгімесінде Қамзабайдың мұндай кітап жазуға қалай шамасы жетті деп ойлаған едім дейді. Бірақ, бұл ойымнан тез қайттым, себебі, ол өз ағасы Евней сияқты әдебиетке құмарлығы қанында бар екенін алғашқыда ойламаған екенмін деп толғанады.

Осылайша Қамзабай Арыстанұлымен жиі кездесетін болдық. Алғашқыда ол іскерлік кездесулер болатын. Бірде, ол Евней Арыстанұлы туралы оның замандастарының жазған естеліктерін алып келіп, мынаны кітап қылып шығарайық деді. Сен редактор бол деді. Мен келісім бердім. 40-тан астам очеркті тек қана оқып шығу үшін қаншама уақыт керек еді. Сөйтіп, бұл жинақты мен «Біздің Бөкетов» деп атадым. Бұған риза болған Қамзекең осы кітаптың 100 данасын маған сыйға тартты. Бұл кітаптарды мен кітапханаларға, мектептерге, институттарға бердім. Тағы бірде Қамзекең өз ағасының Шоқан Уәлиханов пен Қаныш Сәтбаев жайлы жазған екі эссесінің қолжазбасын алып келді. Мұны академиктің архивінен тапқанын айтты. Осы кітапқа алғысөз жазуымды сұрады. Бұл очерктер Евнейдің тірі кезінде жарық көрмегені белгілі. Бұл қолжазбаны оқи отырып, мен академиктің қаншалықты тілге бай екенін көріп, таң-тамаша қалдым.

Осылайша Қамзекең өзінің академик ағасынан қалған еңбектерін жариялауды қолға алды. Ақырында Евней Арыстанұлының 8 томдық шығармаларын бастырып шығарды. Осыған ол 20 жылдай уақытын жұмсады.

Бүгіндері 85 жасқа келіп отырған Қамзабай Бөкетовтың Қарағанды қаласын салушылардың бірі. Бұл туралы бұрынғы Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы, еңбек ардагері Сұлтан Досмағамбетов маған былай деген еді:

Мен, Қамзабай Арыстанұлын мықты инженер-құрылысшы, түрлі құрылыс мекемелерінің басшысы ретінде жақсы білемін. Ол өзінің еңбек жолының көп жылдарын Қарағанды қаласын тұрғызуға, оны абаттандыруға, тұрғын үй коммуналдық шаруашылықты жақсартуға арнады. Ол Сарыарқада бірінші болып тұрмыстық қызметтің еңбек сіңірген қызметкері атағын алған болатын. Оның бастамасымен Қазақстанда бірінші болып, облыстық коммуналдық шаруашылық басқармасының жанынан жөндеу-құрылыс тресін ашқанымыз есімде. Ол осы тресті басқарды. Осы қызметті Қамзекең 15 жыл табысты атқарды. Ол басшы болып тұрған кезде трестің өндірістік базасын нығайтып, ағаш өңдейтін және темірбетон бұйымдарын шығаратын цехтарды ашып, үлкен материалдық қойма салуға ықпал етті. Осы үлкен трест қаламыздағы көптеген ғимараттарды салуға атсалысты. Атап айтқанда, цирк ғимаратын салуға, ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесінің ғимаратын жөндеуге, Бұқар жырау даңғылы арқылы теміржол көпірін салу құрылыстарына белсене атсалысты.

Қамзабай Арыстанұлы облысымызға белгілі құрылысшы, Социалистік Еңбек Ері Василий Язевпен тығыз достықта болып, ол туралы өзінің естелігінде жазған болатын. Осылайша Қамзекең басқалармен бірлесе жүріп, Язевқа ескерткіш орнату идеясын айтып, ақыры оны іске асырды. Қамзекеңнің көп жылдан бергі арманы ҚарМУ-дің мұражайын ашу болатын. 1992 жылы мұндай мұражай Гоголь көшесіндегі математика факультетінің ғимаратында ашылды. Осы мұражайда екі үлкен стенд Евней Бөкетовке арналды. Қамзекең осы мұражайды ашу кезінде өзі қолына құрал алып, бірге жұмыс істегенін көзіммен көрдім. Осындағы Евней Арыстанұлына арналған стендіні ол өз қолымен жасады десе де болады. Бүгінде бұл мұражай көптеген қала қонақтарының, мектеп оқушылары мен студенттердің, жазушылар мен ақындардың келетін орнына айналды. Осы мұражайда белгілі ақын-жазушылар Кәкімбек Салықов, Медеу Сәрсекеев, Тұрсынбек Кәкішев және тағы басқалар өздерінің қолтаңбаларын қалдырды.

Қамзабай Арыстанұлының көптеген наградалары бар. Соның ішінде ол үшін ең қадірлісі – академик Е.Бөкетов атындағы алтын медаль. Оны 2006 жылы ҚР-дың минералдық ресурстар академиясының президиумы қаулысымен «Академик Е.Бөкетовтың ғылыми және шығармашылық мұрасы үшін» берілген болатын.

Бұл күндері 85 жасқа келіп отырған Қамзабай Арыстанұлы әлі де тыным табар емес. Онсыз да ол өз қаласы үшін, біздер үшін көптеген істер тындырды. Алайда, оның еңбегі тиісті деңгейде бағаланды деп айта алмаймыз. 2004 жылы Қарағанды қаласының 70 жылдығы қарсаңында қалалық әкімдікке Қамзабай Бөкетовке қаланың құрметті азаматы атағын беру жөнінде жазушылар қауымынан ұсыныс түскен болатын. Бірақ, оны қарау мәселесі кейінге қалдырылып келеді. Сол себепті, бүгінде 85 жасқа келіп отырған Қамзабай Бөкетовтың мерейтойы кезінде осы мәселені қарап, оған Қарағанды қаласының Құрметті азаматы атағын беру керек сияқты. Бұл атаққа ол әбден лайық деп санаймыз.

Валерий Могильницкий.